

**2006 жылғы 1 қаңтардағы
жағдай бойынша
банктік емес ұйымдардың
ағымдағы жағдайы**

2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша республикада 136 кредиттік серіктестік қызметті жүзеге асыруда, жұмыс істеп отырған кредиттік серіктестіктердің 115-і Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Аграрлық секторды кредиттеу мәселелері туралы» 2001 жылғы 25 қаңтардағы № 137 қаулысын жүзеге асыру шеңберінде құрылды; 84 ломбард және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге 57 ұйым, оның ішінде 7 ипотекалық компания жұмыс істейді.

| № | Ұйымның атауы | 01.01.2005 | 01.01.2006 |
|---|--------------------------|------------|------------|
| 1 | Кредиттік серіктестіктер | 83 | 136 |
| 2 | Ипотекалық компаниялар | 3 | 7 |
| 3 | Ломбардтар | 75 | 84 |
| 4 | Басқа ұйымдар | 43 | 50 |
| | Жиынтығы | 204 | 277 |

Активтер. 2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кредиттік серіктестік активтерінің жиынтық мөлшері 2005 жылдың басымен салыстырғанда 24 133 млн. теңгеге немесе 3,4 есеге өсіп, 34 352 млн. теңге болды. Кредиттік серіктестік активтерінің құрылымында үлкен бөлікті заңды және жеке тұлғаларға берілген заемдар – 86,4 % және банктердегі салымдар – 8,8 % алып отыр, банкаралық кредиттердің және бағалы қағаздар портфелінің үлесі елеусіз болды.

Ипотекалық компаниялардың жиынтық активтері 2005 жылдың басынан бастап 36 341 млн. теңгеге немесе 93,2 %-ке өсіп, 2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 75 346 млн. теңге болды. Ипотекалық компаниялар активтерінің құрылымында үлкен үлесті заңды және жеке тұлғалардың заемдары (90,3 %) және бағалы қағаздар портфелі (3,0%) алып отыр.

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың жиынтық активтері жыл басымен салыстырғанда 423 585 млн. теңгеге немесе 5,4 есеге өсті және 2006 жылғы 1 қаңтарда 520 178 млн. теңге болды. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар активтерінің құрылымында үлкен бөлікті заңды және жеке тұлғаларға берілген заемдар құрайды- 19,2%.

2005 жыл басынан бастап ломбардтардың жиынтық активтері 1 771 млн. теңгеге немесе 26,4%-ке кеміп, 2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 4 945 млн. теңге болды. Ломбард активтерінің құрылымындағы үлкен үлесті заңды және жеке тұлғаларға берілген заемдар құрайды (40,9%)

(млн. теңге)

| №№ | Атауы | 01.01.2005 | 01.01.2006 | Өсімі (%) |
|----|--------------------------|------------|------------|------------|
| | | Активтер | Активтер | |
| 1 | Кредиттік серіктестіктер | 10 219 | 34 352 | в 3,4 раза |
| 2 | Ипотекалық компаниялар | 39 005 | 75 346 | 93,2 |
| 3 | Ломбардтар | 6 716 | 4 945 | -26,4 |
| 4 | Басқа ұйымдар | 96 593 | 520 178 | в 5,4 раза |

Кредиттік портфель. 2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кредиттік серіктестіктердің кредиттік портфелі құрылымында елеулі орынды стандартты кредиттер

алып отыр, олардың үлесі 88,2% болды. Ағымдағы жылдың он екі айында стандартты кредиттерінің үлесінің өскендігі байқалды 82,4%-тен 88,2%-ке дейін. Сонымен бірге, күмәнді кредиттердің үлесі 17,4%-тен 11,6%-ке дейін азайып, үмітсіз кредиттер үлесі 12 ай ішінде өзгерген жоқ - 0,2% болды.

Ипотекалық компаниялар бойынша стандартты кредиттердің үлес салмағы 98,6%, күмәнді - 1,2%, үмітсіздер - 0,2% болды. Ипотекалық компаниялардың кредиттік портфелі 2005 жыл басынан бастап мына жағдайда көрінді: мұнда стандартты кредиттердің үлесі 99,1%, күмәнді- 0,7%, үмітсіз - 0,2% болды.

2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын басқа ұйымдардың кредиттік портфелінің құрылымында стандартты кредиттердің үлесі 91,4%, күмәнді -7,8%, үмітсіз- 0,8%. Ағымдағы жыл басында банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың кредиттік портфелі мынадай жағдайда көрінді: стандартты - 90,1%, күмәнді-9,6%, үмітсіз- 0,3% болды.

Ломбардтар бойынша стандартты кредиттердің үлес салмағы 96,1%, күмәнді-2,1%, үмітсіз-1,8% болды. Ломбардтардың кредиттік портфелі 2005 жылдың басынан бастап мынадай жағдайда көрінді: стандартты кредиттердің үлесі 98,4%, күмәнді-1,2%, үмітсіз-0,4%.

(млн. теңге)

| № | Атауы | 01.01.2005 | 01.01.2006 | |
|---|--------------------------|------------|------------|-----------|
| | | Займы | Займы | Өсімі (%) |
| 1 | Кредиттік серіктестіктер | 8 367 | 30 252 | 261,6 |
| 2 | Ипотекалық компаниялар | 35 307 | 68 328 | 93,5 |
| 3 | Ломбардтар | 2 930 | 2 022 | -31,0 |
| 4 | Басқа ұйымдар | 50 252 | 112 970 | 125,0 |

2005 жыл басындағы кезеңде кредиттік серіктестіктердің жиынтық **міндеттемелерінің** жалпы сомасы 7 701 млн. теңгеге немесе 134,0%-ке өсіп, 2006 жылғы 1 қаңтарда 13 446 млн. теңге болды. Кредиттік серіктестік міндеттемелері өсімінің ең елеулі бабын алынған заемдар құрайды. Сонымен, 2005 жылғы 1 қаңтармен салыстырғанда олардың жиынтық міндеттемелердегі үлесі 80,7%-тен 92,2%-ке дейін көбейді.

Ипотекалық компаниялар бойынша 2005 жылдың он екі айында міндеттемелердің жиынтық мөлшері 27 915 млн. теңгеге немесе 81,8%-ке өсті және 2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 62 054 млн. теңге болды. Бұл ретте ипотекалық компаниялар міндеттемелерінің құрылымында айналысқа жіберілген бағалы қағаздар (78,6%-ке) және басқа банктерден алынған заемдар (18,6%-ке) басым болғанын атап өткен жөн.

2006 жылғы 1 қаңтарда банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын басқа ұйымдар міндеттемелерінің жиынтық мөлшері жыл басынан бастап 107 132 млн. теңгеге немесе 145,0%-ке ұлғайып, 181 011 млн. теңге болды.

2006 жылғы 1 қаңтарда ломбард міндеттемелерінің жиынтық мөлшері жыл басынан бастап 791 млн. теңгеге немесе 30,8%-ке өсіп, 3 357 млн. теңге болды.

(млн. теңге)

| № | Атауы | 01.01.2005 | 01.01.2006 | |
|---|--------------------------|---------------|---------------|-----------|
| | | Міндеттемелер | Міндеттемелер | Өсімі (%) |
| 1 | Кредиттік серіктестіктер | 5 746 | 13 446 | 134,0 |
| 2 | Ипотекалық компаниялар | 34 139 | 62 054 | 81,8 |
| 3 | Ломбардтар | 2 566 | 3 357 | 30,8 |
| 4 | Басқа ұйымдар | 73 879 | 181 011 | 145,0 |

Капитал. Кредиттік серіктестіктердің балансы бойынша жиынтық меншікті капитал 2005 жылдың он екі айында 16 433 млн. теңгеге немесе 4,7% есе өсіп, 2006 жылғы 1 қаңтарда 20 905 млн теңге болды.

Ипотекалық компаниялардың меншікті капиталы 2005 жыл басымен салыстырғанда 8 426 млн. теңгеге немесе 173,1%-ке өсіп, 2006 жылғы 1 қаңтарда 13 292 млн. теңге болды.

2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын басқа ұйымдардың меншікті капиталының жиынтық көлемі жыл басынан бастап 316 454 млн. теңгеге немесе 14,9 есеге өсіп, 339 168 млн. теңге болды.

2005 жыл басымен салыстырғанда ломбардтардың меншікті капиталы 2 562 млн. теңгеге немесе 61,7%-ке кеміп, 2006 жылғы 1 қаңтарда 1 588 млн.теңгені құрады.

| | | (млн. теңге) | | | | | |
|---|--------------------------|------------------|------------------|--|------------------|------------------|--|
| № | Атауы | 01.01.2005 | | | 01.01.2006 | | |
| | | Меншікті капитал | Оның ішінде | | Меншікті капитал | Оның ішінде | |
| | | | Жарғылық капитал | Бөлінбеген таза кіріс (өтелмеген шығын)) | | Жарғылық капитал | Бөлінбеген таза кіріс (өтелмеген шығын)) |
| 1 | Кредиттік серіктестіктер | 4 473 | 3 164 | 183 | 20 905 | 18 703 | 514 |
| 2 | Ипотекалық компаниялар | 4 867 | 3 770 | 687 | 13 292 | 10 699 | 1 558 |
| 3 | Ломбардтар | 4 150 | 4 444 | -257 | 1 588 | 1 388 | 128 |
| 4 | Басқа ұйымдар | 22 714 | 17 669 | 1 325 | 339 168 | 218 359 | 58 687 |

Ақпаратты Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі даярлады.